



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Құжаттық есеп айырысулар



Құжаттық есеп айырысулар халықаралық бизнес транзакциясы кезінде пайда болатын екі тәуекелділіктің алдын алады. Біріншісі – сатушы, экспортерға туады. Экспортер тауарды сатуға жөнелткеннен кейін ақысын ала алады ма, жоқ па деген тәуекел туады. Екіншісі – сатып алушы, импортерға туады. Импортер тауарды сатып алғаннан кейін оның сапасы, саны жағынан дұрыс болуы, уақытында жеткізілуі сияқты мәселелер туындайды.

Жалпы халықаралық сауда барысында құжаттық есептеулерді қарастырмас бұрын, есеп айырысулар туралы мәселелерді анықтап алу керек. Себебі құжаттық есептесуге дейін есеп айырысулар жүзеге асуы тиіс. Мысалы, кең тараған есеп айырысулар – аванстық есеп айырысулар. Аванстық есеп айырысулар дегеніміз жөнелтілген тауардың жартысының ақысын алу немесе сатушы мен сатып алушы бір-бірімен бірінші рет қатынас орнатып жатса, яғни араларында сенім тудырарлық қатынас болмаса, экспортер тауардың құнының жарты бағасын төлеуді талап етуі мүмкін. Мұндай жағдайда тәуекел импортер тарапына түсіп тұр. Келесі есеп айырысулардың түрі – ашық есеп айырысулар. Ашық есеп айырысулар тауарды сатушы сатып алушыға жөнелткеннен кейін, ал сатып алушы тауарды толық қабылдап алғаннан кейін жүзеге асады.

Аванстық есептесулер қолайлы есептесу. Бұл жағдайда екі тараптың да тәуекелдері бірдей болады. Ашық есеп айырысулар көбіне екіжақты сенімді қарым-қатынастар болған жағдайда, ұзақ мерзімді серіктес орнатқан компаниялар арасында болады. Ашық есеп айырысулар көбіне тауарды халықаралық нарыққа шығарарда жиі қолданылады. Мысалы, белгілі бір компания өз тауарын халықаралық нарыққа шығарғысы келген жағдайда, импортер тауып, тауарды толық жеткізіп, кейін ақысын төлеуді талап етеді.

Халықаралық сауда қатынастарындағы құжаттық есептесулер инкассо және құжаттық аккредитив деп екіге бөлінеді. Инкассо бойынша сатушы импортер өзінің банкіне сатып алушы импортердің шартта белгіленген мерзімде және көлемде төленген ақша аударымы туралы хабардар беруді өтінеді. Экспортердың иммитент банкі импортердің иммитент банкінен қаражатты ала салысымен сатушыға хабарлайды. Бұл хабарлама алынғаннан кейін, экспортер тауардың келесі партиясын жіберуге сенімді болады.

Құжаттық аккредитив дегеніміз өзінің клиентінің тапсырмасымен банк иммитент келесі клиенттің банк иммитентіне хабарлама жіберуі. Бұл жағдайда хабарламамен бірге тауардың құны төленеді, яғни сатушы экспортердің банкі сатып алушы импортердің банкіне қаражат аударды. Бұл қаражат аударылған күннен бастап, мәміле жасалды деп есептеледі.

Халықаралық сауда қатынастарындағы негізгі құжаттар

Ең негізгісі – сатып алу/сату келісімі. Бұл келісім бойынша сатып алушы тауар жөнінде мәлімет ала алады, ал сатушы тауардың құны, төлеу мерзімін анықтай алады. Екінші құжат – коносамент немесе накладной. Үшінші – счет-фактура. Бұл құжатты алудың алдында проформа инвойс құжаты керек болады. Бұл құжат бойынша тауарды декларациялауда сату/сатып алу келісімі жасалмай тұрып, счет-фактураның алдында осы құжат жіберіледі. Келесі құжаттар – тауар бойынша қосымша құжаттар. Мысалы, тауардың шығу елі жазылған сертификат, тауар жеткізілетін елдің техникалық, санитарлық және фитосанитарлық нормаларына сәйкестігін растайтын сертификат, кедендік декларация және т.б. Кедендік декларация кедендік рәсімдеу кезінде орындалады. Онда барлық мәліметтер толтырылады: тауардың құны, тауардың сапасы, тауарды тасымалдауға немесе сақтандыруға кеткен шығындар, шығу елі туралы сертификат, техникалық регламенттерге сәйкестігі туралы сертификат сияқты барлық мәліметтер.

Экспорттық декларация құжаты экспорттаушы мемлекеттің құқықтық нормалық актілеріне және өзге де ережелерге сәйкес жазылады. Сақтандыру сертификаты – бір мемлекеттен екінші мемлекетке кеден арқылы тасымалдау барысында тауарды міндетті түрде сақтандыру қажет. Жолда кездейсоқ жағдайлардың тууынан тауарды экспорттаушы компания тәуекелділікке ұшырамас үшін тауарды сақтандырып қою керек. Жүкті тиеу алдында үшінші тарап оны сараптамадан өткізіп, нәтижесі бойынша хабарлама жазылады, одан кейін жүкті тасымалдауға болады.



Ақы төлеу құжаттары. Халықаралық бизнес транзакцияларында промо инвойс ақы төлеу немесе счет-фактураның түрі қолданылады. Промо инвойстың счет-фактурадан айырмашылығы: счет-фактурада тауарларды сатып алу/сату келісімі бойынша есеп айырысу нақты жүреді. Ал промо инвойста счет-фактура толтырылмай тұрып, сатушыдан сатып алушыға жіберіледі. Сатушы промо инвойста тауардың түрі, құны, көлемі жөнінде мәліметтер жібереді. Промо инвойс тауар жетпеген жағдайда, тауар әлі жолда болған кезде сатып алушыға беріледі. Промо инвойс жіберілген кезде тауардың құны төленбейді, ал счет-фактура жіберілген кезде төленеді. Промо инвойста тауар туралы ақпаратпен бірге, тәуекелділіктерді бөлу жөнінде мәліметтер болады.

Халықаралық сауда қатынастарында міндетті түрде мына процедуралар хронологиялық түрде жүргізіледі. Бірінші, халықаралық бизнес субъектілері сатып алу/сату келісімін жүргізу керек. Кей мемлекеттерде бұл келісім жазбаша түрде жүргізілсе, кейбіреулерінде ауызша да жүргізіле береді. Екіншісі, импортер өзінің иммитент банкінен аккредитив алады. Үшінші, экспортер аккредитив бергені жөнінде сенімхат алады. Төртінші, тауарларды сату/сатып алу процесін жүргізу үшін су немесе әуе тасымалдаушыны таңдайды. Бесінші, тауарды сақтандыру құжаты алынады. Келесі, тауар жөнелтілмей тұрып, үшінші тарап тауарды сараптамадан өткізеді. Келесі қадам, тауар жөнелтілуге дайындалады. Дайындалу процесінде тауардың белгісі жасалады, тауарды қораптарға немесе контейнерлерге жүктеу процесі жүзеге асады. Келесі, экспортер тауарды тасымалдаушыға коносамент береді. Коносаментті экспортер тасымалдаушыға бергеннен кейін, экспортер тауарға жауап бермейді. Келесі қадам, экспортер тауарды тасымалдаушыдан транспорт анықтамасы секілді құжат алады. Атап айтқанда, транспорттың сапасы, техникалық анықтамасы көрсетілген құжат беріледі. Келесі, экспортер барлық құжаттардың көшірмелерін өзінің банк иммитентіне тапсырады. Ендігісі, импортер аккредитив бойынша тауардың құнын төлегені бойынша құжаттарға ие болады. Содан кейін, кедендік рәсімдер жасалады. Соңғы қадам кедендік рәсімдеу процесі жүреді.

Халықаралық бизнес транзакцияларында сатып алу/сату келісімі жасалған кезде FOB, FIB сияқты қысқартылған терминдер кездеседі. FOB/Free on bord термині бордтағы еркінділік немесе тасымалдаушыға тауардың экспортердің есебінен жеткізілуі. CIF – Cost, Insurance and Freight термині сақтандыру және фравт деген мағынаны береді, яғни сатушы тауарды тасымалдауға және бортқа дейін жеткізуге міндет алады. Талаптар бойынша экспорттаушы тауарды жүк көлігіне дейін жеткізу мәселесінде шығындарды өз міндетіне ғана алып қоймай, тауарды сақтандыру қаржысына да экспорттаушы қаражат жұмсайды.

Инкотермс кодификацияланған жинағында 4 терминнің жинағы бар. 1) А, 2) F. Осы екеуі де сатушының мүддесіне қатысты тәуекелділіктерді жою жөніндегі терминдер. Ал С және D экспорттаушының мүдделеріне қатысты тәуекелділіктерді жеңілдету және жою жөніндегі терминдер.